


«Күләш Байсейітова атындағы  
Қазақ ұлттық өнер университеті» РММ  
Ғылыми кеңесінің шешімімен

**БЕКІТІЛДІ**

«*17*» *сәуір* 2026 ж.

№ *9* хаттама

Ғылыми кеңестің төрағасы

  
Г.А. Ахмедьяров

**КҮЛӘШ БАЙСЕЙІТОВА АТЫНДАҒЫ  
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ» РММ**

**КАБЫЛДАУ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР.**

**ТАЛАПКЕР «КҮЛӘШ БАЙСЕЙІТОВА АТЫНДАҒЫ ҚАЗҰӨУ» ДОКТОРАНТУРАСЫНА ТҮСУДІҢ КАБЫЛДАУ  
ЕРЕЖЕСІМЕН ТАНЫСУЫ ТИІС!**

- ✓ **ДОКТОРАНТУРА**
- ✓ **«8D02103»-АРТ-МЕНЕДЖМЕНТ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Докторантураға түсуге үміткерлер келесі шығармашылық қабылдау емтихандарын тапсырады:

- *кешенді емтихан* (эссе жазу және билет бойынша емтихан);
- *ғылыми жұмыстың рефератын қорғау*.

**Докторантура бойынша оқуға түсу үшін  
100 баллдық бағалау жүйесінің шкаласы**

| <b>Емтихан түрлері</b>              | <b>Балл</b> |
|-------------------------------------|-------------|
| <b>БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН</b> |             |
| Эссе                                | 20          |
| Кешенді емтихан (билет бойынша)     | 30          |
| <b>ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН</b>  |             |
| Ғылыми жұмыстың рефератын қорғау    | 50          |
| <b>Барлығы</b>                      | <b>100</b>  |

*\* Ғылыми-педагогикалық даярлық және ақылы оқуға түсу бағыты бойынша докторантураға мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша конкурсқа қатысу үшін шекті балл – 75*

### 1. БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН

➤ ЭССЕ;

#### Эссе түрлері мен бағалау критерийлері

Теориялық білімін, әлеуметтік және жеке тәжірибе негізінде өз дәлелдерін көрсете алған, аналитикалық және шығармашылық қабілеттердің деңгейін анықтау үшін эссенің келесі түрлері ұсынылады:

| <b>Эссе түрлері</b>    | <b>Сипаттамасы</b>                                                                                    | <b>Сөз саны</b> |
|------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------------|
| Мотивациялық           | Талапкердің ғылыми-зерттеу саласына ынталандырушы дәлелдері (research statement)                      | 250 – 300 сөз   |
| Ғылыми-аналитикалық    | болашақ зерттеу жұмысының өзектілігін негіздеу және болжалды зерттеу әдістемелері (research proposal) |                 |
| Проблемалық-тақырыптық | Пәндік білімнің өзекті аспектілері бойынша авторлық позицияны баяндау                                 |                 |

*\* білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша эссе жазу уақыты – 60 минут.*

## ЭССЕНІ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ

| Критерийлер                            | Дескрипторлар                                                                                               | Балл      |
|----------------------------------------|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| Тақырыптың тереңдігі                   | мәселе ғылыми терминдер мен ұғымдарды дұрыс қолдана отырып, теориялық деңгейде ашылды                       | 3         |
|                                        | мәселені ашуда өзіндік көзқарас (ұстаным, көзқарас) ұсынылған                                               | 2         |
|                                        | әртүрлі дереккөздерден алынған ақпарат пайдаланылды                                                         | 1         |
| Аргументация, дәлелдеу                 | эссе тақырыбына сәйкес келетін ғылыми әдебиеттер мен дереккөздерден дәлелдердің болуы                       | 3         |
|                                        | себеп-салдарлық байланыстарды анықтау                                                                       | 2         |
|                                        | тарихи, әлеуметтік және жеке тәжірибеден алынған фактілер мен дәлелдердің болуы                             | 1         |
| Композициялық тұтастық және қисындылық | композициялық тұтастық, эссенің құрылымдық компоненттері логикалық түрде байланысты                         | 2         |
|                                        | ішкі логиканың болуы, жекеден жалпыға, жалпыдан жекеге өту мүмкіндігі                                       | 2         |
|                                        | қорытындылар мен жалпылама әдісінің болуы                                                                   | 1         |
| Жазу мәдениеті                         | академиялық жазудың жоғары деңгейін көрсету (лексика, ғылыми терминологияны білу, грамматика, стилистикасы) | 3         |
|                                        | <b>БАРЛЫҒЫ</b>                                                                                              | <b>20</b> |

➤ **КЕШЕНДІ ЕМТИХАН** (билет бойынша).

### 1. Арнайы пән бойынша емтихан талаптары

#### 1.1. Емтихан өткізу шарттары

1. **Билет таңдау:** Талапкер билетті тек бір рет таңдайды. Билетті ауыстыруға рұқсат етілмейді.
2. **Дайындық уақыты:** Жауапты ойластыру мен дайындалуға 20 минут беріледі.
3. **Жауаптарды жазу:** Жауаптар арнайы мөр басылған А4 форматындағы паракка жазылады. Билетті таңдаған кезде беріледі. Тек көк пастасы бар қалам қолдануға рұқсат етіледі.
4. **Қосымша сұрақтар:** Егер емтихан комиссиясы жауапты жеткіліксіз деп тапса, қосымша сұрақтар қоюға құқылы.

5. **Көшіріп жазуға тыйым салынады:** Емтихан кезінде:

- Ұялы телефондар, гаджеттер мен шпаргалкаларды колдануға;
- Басқа талапкерлерден сұрауға;
- Әнгімелесуге, тәртіпті бұзуға қатаң тыйым салынады.

6. **Бақылау:** Емтихан толық бейнекамераға жазылады. Аудиторияда комиссия төрағасы мен комиссия мүшелері емтихан процесін бақылайды.

7. **Кешігу:** Емтиханға кешіккен талапкерлер кіргізілмейді.

### *1.2. Киім үлгісі мен тәртіп*

1. Талапкерлер ресми киім үлгісін сақтауға міндетті. Шорты, сүйретпе (шлепанцы) және басқа жарамсыз киім киюге тыйым салынады.
2. Емтихан барысында әдептілік сақталуы тиіс. Комиссия мүшелеріне дауыс көтеру, дауласу және дөрекі сөйлеуге тыйым салынады.
3. Тәртіп бұзылған жағдайда комиссия емтиханды тоқтатып, қауіпсіздік қызметін шақыруға құқылы.

### *1.3. Жеке заттар мен тамақтану*

1. Ұялы телефондар, гаджеттер, сөмкелер және портфельдер емтихан алдында комиссияға тапсырылады.
2. Женіл тағамдар мен сусындарды (су, кофе) әкелуге рұқсат етіледі.
3. **Дәретхана:** Емтихан алдында баруға ұсынылады. Қажет болған жағдайда тек бақылаушының сүйемелдеуімен ғана шығуға рұқсат беріледі.

### *1.4. Ережелерді бұзғаны үшін жауапкершілік*

1. Егер талапкер көшіріп жазса немесе рұқсат етілмеген құрылғыларды колданса, емтихан нәтижесі жойылып, ол аудиториядан шығарылады.
2. Егер талапкер киім үлгісін сақтамаса, тәртіп бұзса немесе лайықсыз мінез көрсетсе, комиссия оны емтиханға кіргізбеуге құқылы.

*\* Барлық жоғарыда көрсетілген ережелерді сақтау міндетті!*

## **2.Билет бойынша ауызша емтихан**

Докторантураға түсу емтиханы үш сұрақтан тұрады. Ол мәдениет, өнер, арт-менеджмент саласындағы теориялық және әдіснамалық аспектілерді, ғылыми-зерттеу әдістерін қамтиды. Емтихан талапкердің академиялық дайындығын, талдау қабілетін, әдіснамалық біліктілігін, гипотезаларды қалыптастыруын, ғылыми тұжырымдамаларды әзірлеуін және зерттеушілік қызметке дайындығын бағалайды.

## Емтихан келесі пәндерді қамтиды:

1. Арт-менеджменттің әдіснамасы мен теориясы
2. Өнер индустриясы мен креативті экономиканың заманауи трендтері
3. Мәдениет пен өнердегі стратегиялық басқару және инновациялар
4. Өнер нарығының экономикасы және өнерге инвестициялар
5. Арт-менеджменттегі цифрлық технологиялар және жасанды интеллект
6. Жаһандық мәдени саясат және креативті индустрияларды басқару
7. Өнер индустриясындағы ғылым мен зерттеулер: әдістер мен тәжірибелер
8. Арт-бизнесітегі маркетинг пен бренд жасау: жаңа тәсілдер мен кейстер

## 3.Емтиханның мақсаттары

- **Білім деңгейін бағалау:** Талапкер пән бойынша теориялық білімдерін тексеру және олардың материалды меңгеру деңгейін анықтау.
- **Сыни тұрғыдан ойлау қабілетін анықтау:** Талапкерлердің талдау, салыстыру және логикалық тұжырымдау дағдыларын бағалау.
- **Практикалық дағдыларды тексеру:** Өнер мен арт-менеджмент саласындағы білімдерін нақты жағдайларда қолдана алу қабілетін бағалау.
- **Инновациялық тәсілдерлі қолдану қабілетін анықтау:** Талапкерлердің заманауи трендтер мен технологияларды пайдалана алуына баға беру.
- **Коммуникациялық дағдыларды бағалау:** Талапкерлердің идеяларын анық жеткізе білуі мен ұсыныстарын дәлелдеу қабілетін тексеру.
- **Өзін-өзі басқару дағдыларын анықтау:** Уақытты тиімді пайдалану, тапсырмаларды жоспарлау және орындау қабілетін бағалау.
- **Креативтілік пен шығармашылық қабілеттерін тексеру:** Талапкерлердің өзгерістерге бейімділігін және жаңа идеяларды ұсына алуын бағалау.
- **Мәдениет пен өнер саласындағы стратегиялық ойлау қабілетін анықтау:** Талапкерлердің ұзақ мерзімді жобаларды жоспарлау және оларды жүзеге асыру қабілетін тексеру.

- **Этикалық және кәсіби құндылықтарды бағалау:** Талапкерлердің кәсіби этика мен жауапкершілікке деген көзқарасын анықтау.
- **Өнер нарығын талдау және түсіну қабілетін тексеру:** Талапкерлердің өнер нарығының динамикасын, трендтерін және экономикалық аспектілерін түсінуін бағалау.

**«8D02103-Арт-менеджмент» білім беру бағдарламасы бойынша ауызша емтиханға  
шамамен алғандағы дайындық сұрақтары**

- 1. Арт-менеджменттің әдіснамасы мен теориясы:*
  - Арт-менеджменттегі ғылыми тәсілдер мен зерттеу әдістері.
  - Арт-нарықты сандық және сапалық талдау әдістері.
  - Шығармашылық индустриялардағы болжау әдіснамасы.
  - Арт-менеджменттің этикасы мен философиясы.
  - Әлеуметтік-мәдени теориялар және олардың арт-бизнеске әсері.
- 2. Арт-индустрия және креативті экономикалардағы заманауи трендтер*
  - Ғаламдық өзгерістердің креативті индустрияларға әсері.
  - Арт-индустрия экожүйелері: олардың қалыптасу ерекшеліктері.
  - Мәдени мегажобалар және олардың ел экономикасына ықпалы.
  - Цифрлық трансформация жағдайындағы арт-менеджмент.
  - Әлеуметтік желілер мен жаңа медианың арт-индустрияға ықпалы.
- 3. Мәдениет пен өнердегі стратегиялық басқару және инновациялар*
  - Арт-менеджменттегі ұзақ мерзімді жоспарлау.
  - SWOT-талдау және арт-индустриядағы бәсекелестік стратегиялар.
  - Мәдени ұйымдардың ғаламдық стратегиясы.
  - Арт-орталықтарды басқарудағы инновациялық тәсілдер.
  - Арт-бизнесітегі тиімді серіктестік модельдері.
- 4. Арт-нарық экономикасы және өнерге инвестиция*
  - Арт-нарықтағы баға белгілеу: негізгі факторлар.
  - Өнерге инвестиция: тәуекелдер мен перспективалар.
  - Мәдени жобаларға мемлекеттік қолдау және жеке қаржыландыру.
  - Арт-нарықтың ұлттық және жаһандық экономикаға әсері.

- Инвестиция тартудағы арт-менеджердің рөлі.
5. *Арт-менеджменттегі цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект*
- NFT, блокчейн және олардың арт-нарыққа әсері.
  - Өнерді жасау мен ілгерілетудегі жасанды интеллект.
  - AR/VR технологиялары көрме қызметінде.
  - Геймификация және арт-іс-шаралардың жаңа цифрлық форматтары.
  - Арт-нарықтағы Big Data және аналитика.
6. *Жаһандық мәдени саясат және креативті индустрияларды басқару*
- Әртүрлі елдердегі мәдени даму саясаты.
  - Креативті индустриялар «жұмсақ күш» құралы ретінде.
  - Арт-менеджменттегі халықаралық ынтымақтастық.
  - Мәдениет арқылы ұлттық брендті қалыптастыру.
  - Мәдени корпорациялар мен ұйымдарды басқару.
7. *Арт-индустриядағы ғылым және зерттеулер: әдістер мен тәжірибелер*
- Арт-менеджменттегі ғылыми зерттеу әдістері.
  - Мәдениеттегі трендтерді талдау және болжау.
  - Креативті индустриялардың дамуына академиялық қауымдастықтың ықпалы.
  - Арт-индустриядағы жаңа зерттеу бағыттары.
  - Ғылым мен арт-бизнес арасындағы өзара байланыс.
8. *Арт-бизнестегі маркетинг және брендинг: жаңа тәсілдер мен кейстер*
- Өнерпаз бен арт-ұйымның брендін дамыту.
  - Өнердегі вирустық маркетинг және digital-продвижение.
  - Арт-менеджер құралы ретіндегі әлеуметтік желілер.
  - Халықаралық арт-туризм және креативті экономика.
  - Мәдени өнімдерді таратудың жаңа модельдері.

**ЕМТИХАН БИЛЕТІНІҢ СҰРАҚТАРЫНА ЖАУАПТАРДЫ БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ:**

| <b>Сұрақ</b> | <b>Бағалау критерийлері</b>                                                                                                                        | <b>Балл саны</b> |
|--------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|------------------|
| 1-ші сұрақ   | зерттелетін пәндік саланың негізгі процестерін білетінін көрсете алады; сұрақ мәселесінің тереңдігі мен толықтығы                                  | 5                |
|              | логикалық және дәйекті түрде талқыланатын мәселе бойынша өз пікірін білдіреді                                                                      | 3                |
|              | тұжырымдамалық-категориялық аппаратты, ғылыми терминологияны меңгерген                                                                             | 2                |
|              | <b>Барлығы</b>                                                                                                                                     | <b>10</b>        |
| 2-ші сұрақ   | пәндік саладағы мәселелерді шешу үшін әдіс-тәсілдерді, технологияларды қолданады                                                                   | 5                |
|              | құбылыстарды, оқиғаларды, процестерді дәлелдейді, салыстырады, жіктейді; практикалық дағдыларға негізделген қорытындылар мен жалпылаулар жасайды.  | 3                |
|              | әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты талдайды                                                                                                  | 2                |
|              | <b>Барлығы</b>                                                                                                                                     | <b>10</b>        |
| 3-ші сұрақ   | теориялық және практикалық әзірлемелерді, ғылыми тұжырымдамаларды және ғылым дамуының қазіргі тенденцияларын сыни тұрғыдан талдайды және бағалайды | 5                |
|              | пәндік білімнің негізгі мәселелерін түсіндіруде әдіснамалық тәсілдерді синтездейді                                                                 | 3                |
|              | процестерді, құбылыстарды, оқиғаларды талдау кезінде себеп-салдарлық байланыстарды анықтайды                                                       | 2                |
|              | <b>Барлығы</b>                                                                                                                                     | <b>10</b>        |
|              | <b>БАРЛЫҒЫ</b>                                                                                                                                     | <b>30 балл</b>   |

**2.ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН  
ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТЫҢ РЕФЕРАТЫН ҚОРҒАУ ЖӘНЕ СҰХБАТ**

**Жалпы талаптар:**

Болашақ ғылыми зерттеу тақырыбының Реферат негіздемесін талапкер алдын ала белгіленген мерзімде қабылдау комиссиясына тапсырады. Рефератқа білім немесе ғылым мекемесінде (ҒЗИ) жұмыс істейтін ҚР ҒЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінде дәрежесі (ғылым докторы немесе кандидаты немесе PhD

(бейіні бойынша философия докторы, академиялық дәрежесі) бар ғалым қол қойған **2 РЕЦЕНЗИЯ (ішкі/сыртқы)** ұсынылуы тиіс. Рецензия рецензенттің жұмыс орны бойынша расталуы тиіс.

**Рефератқа қойылатын талаптар:**

1. Реферат тақырыбы мамандандыру профиліне сәйкес келуі керек.
2. Көлемі: 20-25 бет (титулдық бет, мазмұны мен қолданылған әдебиеттер тізімін қоса алғанда)
3. Реферат құрылымы және рәсімделуі:
  - титулдық бет;
  - кіріспе (өзектілігі, мақсаты мен міндеттері, зерттеу пәні мен нысаны, зерттеу тәсілдері, тақырыптың зерттелу деңгейі, жанашылдығы, зерттеудің практикалық және теориялық маңызы, құрылымы мен рефераттың жалпы көлемі);
  - реферат мазмұны (зерттеу мазмұнын айқындайтын тараулары мен тараушалары);
  - қорытынды;
  - қолданылған әдебиеттер тізімі;
  - қосымшалар (рефераттың жалпы бет көлеміне енбейді).
- 4 Рефераттың рәсімделуі:
  - Қаріп – Times New Roman, қаріптің өлшемі – 14;
  - Интервал – бір;
  - Шеттері: жоғары және төменгі – 2 см, сол жағы – 3 см, оң жағы – 1,5 см.;
  - Абзац шегінісі – 1 см.

Реферат мәтінінде міндетті түрде пайдаланылған дереккөздерге сілтемелер көрсетіледі және Ғылым және жоғары білім саласында сапаны қамтамасыз ету комитетінің талаптары бойынша рәсімделген пайдаланылған дереккөздер/материалдар мен әдебиеттер жеке көрсетіледі.

**5. Ғылыми зерттеудің презентациясы**

**Презентация** – рефераттың қысқаша, визуалды безендірілген нұсқасы, оны қорғауға және ауызша баяндауға арналған.

**Презентацияға қойылатын талаптар:**

- Көлемі:** 15–20 слайд
- Форматы:** Microsoft PowerPoint (PPTX) немесе PDF
- Қорғау уақыты:** 15–20 минут
- Қосымша материалдар:** графиктер, диаграммалар, аналитикалық кестелер, кейстер

**Презентацияның құрылымы:**

- ✓ Тақырыптық слайд (Аты-жөні, тақырыбы, университет, ғылыми жетекші, жыл)

- ✓ Кіріспе (мәселенің қойылымы, тақырыптың маңыздылығы)
- ✓ Зерттеудің өзектілігі (заманауи мәселелер, арт-индустриямен байланысы)
- ✓ Зерттеудің мақсаты
- ✓ Зерттеудің міндеттері (3–5 негізгі міндет)
- ✓ Зерттеу объектісі мен пәні
- ✓ Зерттеу әдістемесі (әдістер, талдау құралдары)
- ✓ Ғылыми жаңалығы мен зерттелу деңгейі
- ✓ Теориялық және практикалық маңыздылығы
- ✓ Негізгі зерттеу нәтижелері (графиктер, кестелер, талдау)
- ✓ Зерттеудің апробациясы (мақалалар, конференциялар, енгізу нәтижелері)
- ✓ Қорытындылар және зерттеу перспективалары
- ✓ Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

***Техникалық және стильдік талаптар:***

- ◆ Презентация бірыңғай академиялық стильде жасалуы керек.
- ◆ Тақырыптардың айқындығы, материалды құрылымдау, слайдтардағы мәтіннің минималды болуы.
- ◆ Деректерді визуализациялау үшін графиктер, диаграммалар, схемалар қолдану.
- ◆ Орфография, пунктуация және ғылыми стиль талаптарын сақтау (APA, ГОСТ, Chicago т.б.).
- ◆ Салыстырмалы кестелер, кейстік суреттер, аналитикалық мәліметтерді қосу.

***Баяндама нені көрсетуі керек?***

- ✓ Тақырыпты терең түсіну, негізгі концепцияларды дәлелді түрде түсіндіру.
- ✓ Құрылымдық және логикалық баяндау, дәлелдемелердің бірізділігі.
- ✓ Ғылыми деректермен жұмыс істеу, талдау және интерпретация әдістерін меңгеру.
- ✓ Оригиналды тәсіл, ғылыми мәселелерді анықтау және шешу қабілеті.
- ✓ Докторантура деңгейінде ғылыми-зерттеу жұмыстарын өз бетінше жүргізуге дайындық.

*Маңызды! Слайдтарды оқуға болмайды! Өз сөзіңізбен, құрылымды әрі сенімді сөйлеп қорғау керек.*

**\*ҒЫЛЫМИ ЖҰМЫСТЫҢ РЕФЕРАТЫҢ ҚОРҒАУ БОЙЫНША БАҒАЛАУ КРИТЕРИЙЛЕРІ**

| Бағалаудың бадық көрсеткіші | <p align="center">Бағалау критерийлері<br/>                     II шығармашылық емтихан<br/>                     Ғылыми жұмыстың рефератын қорғау және сұхбат</p>                                                                                                                                              |
|-----------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| 45-50                       | Ғылыми талдауы жоғары деңгейде орындалған, зерттеу әдіснамасы сенімді меңгерілген. Тақырыптың өзектілігі негізделген, арт-менеджмент теориясы мен әдіснамасы терең меңгерілген. Ғылыми гипотезалар ұсынылып, деректермен дәлелденген. Мәліметтер кәсіби визуализацияланған жоғары сапалы презентация жасалған. |
| 40-44                       | Зерттеу сенімді қорғалған, әдіснамасы жақсы меңгерілген. Ғылыми жаңалығы ашылған, бірақ аргументацияны нақтылау қажет. Реферат талаптарға сай, жарияланымдар немесе апробация бар, бірақ тұжырымдар толықтыруды қажет етеді.                                                                                   |
| 35-39                       | Зерттеу логикалық құрылымдалған, бірақ талдау үстірт жүргізілген. Өзектілігі немесе практикалық маңызы жеткілікті деңгейде ашылмаған. Тақырыпты түсіну байқалады, бірақ ғылыми тұжырымдарды сенімсіз қолданады.                                                                                                |
| 30-34                       | Жауаптарда логикалық олқылықтар бар, әдіснама мен ғылыми жаңалықтар жеткілікті деңгейде ашылмаған. Жұмыс ең төменгі талаптарға сәйкес келеді (кемінде 20 бет), бірақ деректерді талдау әлсіз, жарияланымдар жоқ.                                                                                               |
| 25-29                       | Зерттеу орындалған, бірақ құрылымы әлсіз. Сындралы талдау жеткіліксіз, ғылыми маңыздылығы ашылмаған. Безендіру стандарттарға сәйкес келмейді.                                                                                                                                                                  |
| 20-24                       | Жауаптар жалпы тақырыпты түсінуді көрсетеді, бірақ ғылыми тереңдік жоқ. Жұмыста теориялық материал бар, бірақ терең талдау жүргізілмеген.                                                                                                                                                                      |
| 15-19                       | Жұмыс құрылымы мен көлемі бойынша талаптарға сәйкес келмейді. Зерттеудің практикалық маңызы дәлелденбеген. Логика мен талдауда көптеген қателіктер бар.                                                                                                                                                        |
| 10-14                       | Жұмыс ғылыми тәсілдерді көрсетпейді. Құрылымы бұзылған, материал академиялық стандарттарға сай емес. Жаңалығы негізделмеген.                                                                                                                                                                                   |
| 5-9                         | Зерттеу аяқталмаған немесе қабылдауға жарамсыз сапада ұсынылған. Дәлелдеу, логика, ғылыми құндылық жоқ.                                                                                                                                                                                                        |
| 0-4                         | Жұмыс жоқ немесе талаптарға мүлдем сәйкес келмейді. Деректер, әдіснама, жаңалығы жоқ.                                                                                                                                                                                                                          |

**БАЙЛАНЫС АҚПАРАТЫ:**

Шығармашылық емтихан бойынша сұрақтар: [art-meneditment@kaznui.kz](mailto:art-meneditment@kaznui.kz)

Оқуға түсудің жалпы мәселелері бойынша: [Kaznui.priem@gmail.com](mailto:Kaznui.priem@gmail.com)

Факультет деканы: Иманберген М.Р.  
 Кафедра меңгерушісі: Бектенов С. Ж.

